

ISSN 1727-0537

# НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им.С.ТОРАЙГЫРОВА



3'2003

## ӨЛКЕТАНУ КРАЕВЕДЕНИЕ



УДК 951(574)

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛЕР ЖӘНЕ БИ  
ИНСТИТУТЫ

А.К.ХАМИТОВА

*С.Горайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті**В этой статье рассматриваются место и историческое значение института биев в казахском обществе.**Мақалада қазақ қоғамындағы билер институтының алатын орны мен тарихи маңызы қарастырылады.**This article deals with the place and historic meaning of judge institute in the Kazakh society.*

Қара сүйектің артықшылықпен бағаланған әлеуметтік категорияларының ішінде, билер сословиесі аса маңызды орын алған (көшпелі ұжымдарда сот өкіметінің міндеттерін атқарған). Қазақ қоғамындағы билер институтының шығу төркіні ертеден басталады. В.В.Радловтың пікірінше «бий» термині ежелгі түрік сөзі «бий» дегеннен басталады, яғни «биік», «құдыретті», «ұлы» дегенді білдіреді. В.В.Бартольд бұл жөнінде мынадай болжам айтады, яғни «би» сөзі бұрынғы «бек» терминінің кейінірек түрі өзгертілген транскрипциясы болып табылатындығын, XVғ. Ертерек еш жерде кездеспейтіндігін атайды [1].

Би сөзі ескіше бек сөзінің кейінірек өзгерілген түрі және XVғ. Дейінгі деректерде кездеспейді, ал түрікше бек сөзі монғолша нойон және араб – парсы сөзі әмір сәйкес келеді [2].

XVII-XVIII ғғ. авторлардың мәліметтері бойынша билер қазақ қоғамының өте-мөте ықпалды тобын құрайды, дала хандарының жағдайының беріктігі көбінесе соларға байланысты болған. Патша шенеуніктерінің мәлімдемелердің бірінде «Бии суть народные судьи – похвальные поступки и общее доверие служат основанием к их назначению от самого народа» делінген, яғни оларды игі істері үшін халық сайлап отырғандығы айтылады [3].

Бұл әлеуметтік қабаттың артықшылық жағдайлары бәрiнен бұрын құқықтық реттеу мен делдалдық функцияларының қоғамдық маңыздылығының үлкендігімен анықталады және мүлiктік қатынастар жүйесіндегі артықшылық құқықтары арқылы көрінді, соның ішінде сот үкімі көлемінің оннан бірі формасындағы қосымша өнімді өзіне иелелі



## ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И СОБЫТИЯ

құқығымен ерекшеленді. Бұл жағдайды көшпелілер арасындағы билер тобының күші мен ықпалы көп жағдайда оның мүшелерінің жеке басынын қасиеттеріне байланысты болған, яғни: әдеттегі заңды, дәстүрді білуі, шешендік өнері, қауым мүддесін жақтай білуі. Ш.Уалиханов бұл жөнінде: «Тек қана сот дәстүрлеріндегі терең білім ғана, шешендік өнермен қосыла отырып, қазақтарға бұл құрметті лауазымды әпере алатын еді» – деп атап көрсеткен [4].

Қандай да бір адамды сот арбитрі ролінде қоғамдық қайшылықтарды шешу тәжірибесінде меритократия принципі басты роль атқарды, бұл бойынша қазақтың әдеттегі елеулі білімі бар, тек қана өте талантты, беделді және тәжірибесі мол халық қазылары ғана би бола алатын. Бұл жағдайда қазақтардың құқыққа жол берілген жоқ. Алайда меритократия принципі қандай да бір қазақ биінің жақын ұрпақтары (бала, немере, шөбере) да би болып сайлана алу мүмкіндігінің болуын жоққа шығармайды. Индивидтің материалдық игілігі, ықпалдылық дәрежесі және тағы басқа субъективті факторлар би атағының жекеленген қазақ әулеттеріне бекітілуіне ықпал етуі аз емес, бұл жерде көшпелілер арасында генеологиялық туыстық принципінің үлкендігі байқалады.

Ш.Уалиханов сондай-ақ, кейбір әйгілі билердің балалары да

әкесінің мұрагері ретінде би атағын жалғастырып келгенін көрсетеді.

Мысалы: Орта жүздегі XVIII ғ. қаракесек руынан шыққан белгілі Қазбек бидің үшінші ұрпағына дейін атадан қалған осынай құрметті би атағын сақтаған: Қазбек – Бекболат – Тілеуші – Алшынбай [5].

Билердің ықпалдылығы олардың көптігімен және күшімен ғана емес, ата-тегінің көнелігімен және олар басқарып отырған рулардың үлкендігімен (жолының үлкендігімен) анықталатын. Қазақ ұлыстарының билерінің кейбір ерекше құқықтары болды: олардың өздеріне бағынатын рулардың ішінде тек қана билердің (ханнан басқа) қолында ғана сот, әкімшілік және әскери билік болды. Бұл билік билерге белгілі бір саяси салмақ беретін, яғни ол мынадан көрінетін, билер сұлтандармен қатар жалпы мемлекеттік істерді шешуге қатысты, жыл сайынғы шақырылатын «халық жиналысына» құлақтандырылып барып келетін.

Әрине, бұған қарап бидің атағы мен абыройы тұқым қуалайтын мұрагерлік құбылыс екен деп ойламау керек. Қазақтарда би атағына жету қандай да бір ғұрыптық іс-әрекет арқылы жүзеге асырылған жоқ, керісінше оған біртіндеп кеңінен қоғамдық мойындау барысында қол жеткізілген. «Би» атағын алу үшін, қазаққа халық алдында өзінің заңдық білімдерін, өзінің шешендік қабілетін

әлденеше рет көрсетуі керек болды. Мұндай адамдар туралы айтылған сөздер бүкіл далаға өте тез таралатын, олардың есімдері бәріне және әркімге танымал болды. Осылайша би атағы қызметтік және адвокаттық тәжірибеге патент ретінде болды.

Өзінің табиғат берген талантымен қарапайым халық арасынан талай әйгілі билер шыққан. Мысалы: Орта жүздегі қалың қаржас ішінен шыққан Шорман би он үш жасында би атағын жеңіп алған. Ал оның аталарында ешқандай би болған емес [6].

Егер Шорман он үш жасында би болса, Есет Көтібарұлы жиырма жасында дүйім жұртты аузына қаратқан би атанып еді.

Қазақ қоғамындағы билер институтын жан-жақты зерттеген Ш.Уалиханов әрбір биді, олардың халық өміріндегі алатын орнын Батыс Европадағы әлеуметтік категориялармен қатар бағаланған. Ол: «... Би никем формально не избираются и формально никем не утверждаются. Значение их основано на частном авторитете, который приобретают они так же, как в Европе поэты, ученые и адвокаты» – дейді.

Қазақ тарихында бидің алатын орны ерекше, сондықтан би институты жалпы мемлекеттің саяси және мәдени өмірінде әрқашан маңызды роль атқарады.

Билер тіпті қысылтаяң уақытта хан өкіметінің де міндетін атқарушы болған. Мысалы: 1720-1739

жж. ұлы жүзде Әбілқайырдың үлкен ағасы Жолбарсхан Абдуллаев хандық құрғаны белгілі. Ол қайтыс болғаннан кейін 1739 жылдан 1742 жылға дейін жүзде Төле би билік еткен [7].

Билер көне заманның мұрагерлері еді, сондықтан да олар басқарудың барлық функцияларын табиғи түрде игеріп кетті. Шындығында да Дешті Қыпшақ билері (бектері) Шыңғыс тұқымынан тараған төрелерден көне ұрпақ. Билер төрелерге қарағанда «Ұлттық» ақсүйектердің әлеуметтік тобы қара сүйектің таңдаулылары болды.

Билердің «билігі» әсіресе XVII-XVIII ғасырларда шарықтау шыңына жетті. Бұл әсіресе қазақ-жоңғар соғыстары кезінде танымал болған құдыретті тбилер – Айтеке Байбекұлы, Қазыбек Келдібекұлы, Төле Әлібекұлының қара қылды қақ жарып төрелік еткен тұсы.

Алайда, 1822 ж. «Сібір қырғыздары жөніндегі ережеге» патша өкіметі Орта жүзге байланысты өзінің түпкі өсиетін кіргізеді. Осы кезден бастап патша өкіметінің заңы бойынша билер қызметі сайланбалы болды және оның мерзімін әкімшілік белгілейтін.

Дегенмен, халық таңдаулылары – билер XIX ғ. Орта шеніне дейін өз абыройы мен беделін ел арасында жоғалта қоймады. Патша өкіметі қанша тырысқанмен, билер сотын халық өмірінен толық алып тастай

## ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И СОБЫТИЯ

алмады. Тіпті күні бүгінге дейін өте әділ, турашыл адамдарды кейбір рулар өздерінің биі ретінде санап келген. Мысалы: Керей руының Құдайберді тармағынан тараған Әйтiмбеттер әулеті (Қазіргі Ақтоғай ауданының Жамбыл ауылында шоғырланған) Рамазан Ақылұлының шешімдеріне жүгініп келді (Ол кісі 1999ж. дүниеден өтті). Даулы мәселелерді ғана емес, сонымен қатар шаруашылық, діни мәселелерді де сол кісінің ұйғаруымен санасып шешіп отырған (Көктемде малды қай мерзімде далаға шығару, күзде қораға қою, айттық шалу, құран беру кезегі т.с.с.). [8].

XIX ғ. екінші жартысында патша өкіметі «билер сотын» мықтап әлсіретті, яғни енді қазақ билерінің екі түрі қалыптасты: біріншісі – ертеден келе жатқан дәстүрді жалғастырушылар, екіншісі – патша өкіметінің қол-

шоқпарлары. Алайда халық өздерінің атақты билерін, сол дәстүрді жалғастырушыларды әлі күнге дейін жоғары дәрежеде құрметтейді.

Әрине, қазақ тарихындағы барлық бидің аты күнгі ұрпақтарына жете қойған жоқ, сондықтан да билер және би институты туралы мәселелер тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Бұл жайында тағы бір айта кететін жайт, біз пайдалана алмай келе жатқан «далалық ауызша тарихнама». Өлкенің атақты билері, батырлары жөніндегі мәселені зерттеуде этнографиялық іс-тәжірибелерде «далалық ауызша тарихнамасы» кеңінен пайдаланып, бұл орайда студенттер мен оқытушылардың этнографиялық іс-сапар, тәжірибелері ұйымдастырылып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева А. Историческая роль и социальное значение института биества в истории Казахского народа (к постановке проблемы) // Саясат. 1997. - №5. - с. 101.

2. Абдрахманова Б.М. Разработка М.М.Сперанским «Устава о сибирских киргизах» «социально-политические институты казахского общества // Из истории борьбы за демократию и политические преобразования в странах Европы и России». - Караганда, 1990. - с. 81.

3. С.Т.Кляшторный, Т.И.Султанов. Казахстан. Летопись трех тысячелетний. -

А., 1992.

4. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. - А.-А., 1985. - т.1. - с. 505.

5. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. - А.-А., 1985. - т.1. - с. 505.

6. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. - А.-А., 1985. - т.1. - с. 505.

7. Бижанов М. Социальные категории казахского общества XVIII века в трудах русских ученых. // Казахстан в XV-XVIII веках. - А.-А., 1969.

8. Информатор: Нуралин Құрбан. Павлодар облысы. Ақтоғай ауданы. Жамбыл ауылы.